

Н.Н. Елкей^{1*} , Т.С. Садықов¹ ¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы
*e-mail: muzlife.nbek@mail.ru

ХАЙРЕТДИН БОЛҒАНБАЕВТЫҢ 1924 - 1928 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚЫЗЫЛЖАРДАҒЫ АҒARTУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ (Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архивінің материалдары бойынша)

Андатпа

Мақала тұлғатану бағытында жазылды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қалыптасқан Алаш зиялылар қауымы қазақ қоғамының дамуына елеулі өзгерістер әкелді. Алаш интеллигенция өкілдерінің саяси күрес алаңындағы басты мақсаты – ұлтты ұйыстыру, бейбіт жағдайда азаттығымызды айқындау, сол арқылы қазақтың рухани өміріндегі маңызды салалар – оқу-ағарту, ана тілі, дәстүр-салтымызды сақтау мәселелері тұрды. Мақалада Хайретдин Болғанбаевтың ағартушылық жолдағы қызметіне қатысты мәліметтер архив құжаттары негізінде баяндалады. Зерттеу мақсаты – ұлт зиялыларының қатарында тәуелсіздік жолында аянбай күрескен Алаштың көрнекті қайраткері Хайретдин Болғанбаевтың өмірі мен ағартушылық қызметін тарихи деректер негізінде зерделеу, ағартушылық жолдағы қызметін және Алаш зиялыларымен бірге жасаған қоғамдық-саяси еңбегін көрсету болып табылады. Нәтижесі ретінде архив қорларынан алынған деректер арқылы Хайретдин Болғанбаевтың Қызылжар қаласындағы оқытушылық қызметі туралы кеңінен зерттелді. Алаш қайраткерлері аңсаған халықтың сауатты болуы жолындағы қажырлы еңбегін атап өтуге болады. Қайраткердің өмірі қиындықтарға толы күрестер мен тартыстардың ортасында өтті. Дегенмен, өзінің қажырлы күрескерлігінің арқасында ұлт жолындағы еңбегін абыроймен атқарып, артында мол мұра қалдырған қоғам қайраткері ретінде тарихта ізі қалды.

Негізгі сөздер: Алаш, партия, халық, қозғалыс, қайраткер, саяси ойлар, тоталитарлық жүйе.

Кіріспе

Тәуелсіздік алған еліміздің саяси, рухани-мәдени дамуына негіз болатын халқымыздың сан ғасырлық тарихын зерттеу, сол тәуелсіздік жолында құрбан болған ұлт зиялыларының өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін зерделеу бүгінде өзекті мәселелердің бірі. Өткен ғасырдың аяғында тәуелсіздікке қол жеткізген сәттен бастап тарихымыз түлеп, тарихи тұлғаларымыздың есімдері тарихтың төрінен орын алды. XIX ғасырдың II жартысы - XX ғасырдың басында қалыптасқан Алаш интеллигенциясы тұсындағы қазақ қоғамына көз жіберсек, қазақ оқығандары өз ерік-жігерлерінің арқасында білім алып, түрлі саяси процесстерге қарамастан ұлттың бірігуі мен ұлттық идеяны қалыптастыру жолында бір кісідей жұмыла білді. Әсіресе, қазақ халқының рухани-мәдени өміріне тың серпіліс әкелген Алаш зиялыларының тәуелсіздік жылдары есімдері ақталып, тарихи әділ бағаларын алуы – тарихи әділдікті орнатудағы заңды құбылыс деуге болады.

Алаш зиялы қауымының арасынан Хайретдин Болғанбаевтың (1894-1937 жж.) алатын орны ерекше. Көпшілікке әлі де беймәлім алаштың көрнекті қайраткерінің өмірі мен саяси-қоғамдық қызмет жолы қасіретке толы болды. Баршамаызға белгілі, Хайретдиндей тұлғаның кеңестік тарих беттерінде жалаң, саясат салдарынан біржақты баяндалуы ұлт тарихына жасалған қиянаттың айқын көрінісі еді. Кеңестік кезеңдегі тарихнамада ұлттық қозғалыстар мен саяси партиялар қатаң таптық көзқарас тұрғысынан сипатталып келді. Тоталитарлық режимнің кең құлаш жаюы - ұлттық сананың жаңғыруына кедергі болды. Бүгінде тәуелсіз еліміздің ғылым-білімі үшін тарихымызды ұлт мүддесі тұрғысынан қайта қарап, Қазақстанның шынайы тарихын жазуға мол мүмкіндік туды. Ғалымдардың зерттеулері, мемлекеттік бағдарламалар мен жобалардың нәтижесінде ұлт тарихына қатысты біраз дүниелердің маңыздылығы арта түсті. Мемлекет

басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың I отырысында сөйлеген сөзінде «Тағы бір маңызды жұмыс – бұл тарихи әділдік орнату. Бір кездері ұмытылып кеткен ұлт перзенттерінің есімін қайта жаңғыртуымыз керек. Ел тағдырын айқындаған тарихи оқиғаларға лайықты баға берген жөн. Соңғы екі жылда бұл бағытта көптеген жұмыс атқарылды. Ұлтымыздың көрнекті тұлғаларының есімі ардақталды. Тарихи даталар қалпына келтірілді. Осылайша, еліміздің шынайы шежіресі жазылып жатыр. Өткенге әділ баға берілмесе, жарқын болашақтан үміт күту қиын. Мұны терең түсінген абзал» [1] деген өзекті мәселе көтеруі Қазақстанның академиялық үлгідегі жаңа тарихын жазу мақсатында белгілі ғалымдар тобы мен Ғылым және жоғары білім министрлігіне берген үлкен жауапкершілікті міндет болды. Сол себепті де, Хайретдин Болғанбаевтың қоғамдық-саяси қызметін тарихи тұрғыда объективті бағалау бүгінгі отандық тұлғатану бағытының міндеті.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Отандық тарих ғылымында тұлғатану мәселесі бұған дейін де зерттеушілердің негізгі нысанына айналған. Зерттеуіміздегі Алаш қайраткерінің тарихи тұлғасын тануда бірқатар материалдарды қарастырып, басты бағытымызды архив қорындағы деректермен айқындай алдық. Себебі, аталған архив құжаттары мен жазылған еңбектер тарихи тұлғаны танып білуіміз үшін құндылығы өте жоғары.

Бүгінде алаш қайраткерінің өмірі мен шығармашылығы көпшілікке мәлім, дегенмен оның Қызылжар қаласындағы оқытушылық қызметіне қатысты жарияланбаған архивтік деректер анықталды. Аталған олқылықты толықтыру мақсатында Қызылжар қаласындағы мемлекеттік архивте ізденіс жұмыстары жүргізілді және мақаланың негізгі деректік базасын құрайды.

Қарастырылып отырған мақалада Хайретдин Болғанбаевтың Қызылжар қаласындағы оқытушылық қызметі баяндалады. Қайраткердің оқытушылық қызметін баяндауда Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архиві қорларынан табылған тарихи құжаттар кеңінен қолданылды. Мәселен, №1 қордан Х.Болғанбаевтың жеке парағы, № 2 қордан Петропавл (Қызылжар) қаласындағы педтехникумның жылдық есептері, оқытушылар туралы мәліметтер, хаттамалар және т.б. табылған көптеген архивтік құжаттар пайдаланылып, тақырыпқа сәйкес талданды. Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінің №1108 қорынан «Бостандық туы» газетінде баспа қызметкері ретінде жұмыс жасағандығын растайтын құжат табылды.

Деректер базасының тағы бір тобын жарияланған құжаттар мен материалдардың жинақтары құрады. Атап айтқанда, «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 ж. 24 қарашадағы №456 Жарлығын жүзеге асыру аясында дайындалған «Алашорда ісі. 1920-1940 жж. Құжаттар мен материалдар» [2] 12 томдық ұжымдық жинақтарында Хайретдин Болғанбаевқа қатысты құнды архивтік құжаттар кездеседі.

Алаш қайраткері Хайретдин Болғанбаев жөнінде жазылған бірқатар еңбектер бар. Әсіресе, тәуелсіздік алғаннан кейін тоталитарлық жүйенің құрбанына айналған Алаш қайраткері есімін көпшілікке танытуда зерттеулер жүргізген Т. Жұртбай «Ұраным Алаш» [3], Д. Қамзабекұлы «Болғанбаев Х. Шығармалары. Тағылымы» [4], «Иман күші» [5] сынды ғалымдардың еңбегі зор. Аталған ғалымдардың зерттеулері қайраткерді танып-білуге мол мүмкіндік туғызды. Бірақ, уақыт өткен сайын тарихи деректердің молайып, архивтік құжаттардың көптеп табылуы – тұлға жөніндегі тарихи білімді кеңейте түсті. Сондықтан, Хайретдин жөнінде жазылған еңбектердің қоғам үшін берері мол.

Бүгінде белгілі, Қызылжар қаласындағы оқытушылық қызметі туралы Қайролла Мұқановтың «Жумағали Тлеулин. Документальная биография» [6] атты еңбегінен кездестіруге болады. Аталған кітапта XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы алдыңғы қатарлы қазақ зиялыларының көрнекті өкілдерінің бірі Жұмағали Тілеулинге

арналғанымен, оқу-ағарту саласында Петропавл (Қызылжар) қаласында Ж. Тілеулинмен бірге оқытушылық қызмет атқарған Хайретдин Болғанбаевтың есімі құрметпен аталады.

Сонымен қатар, баспасөз беттерінде профессор Г.Қ. Мұқанованың Қызылжардағы алаш қайраткерлері жөнінде жазған «Смағұл Сәдуақасов – Қызылжарда» [7] атты мақаласында Хайретдин Болғанбаев есімі ұлт зиялыларының қатарында аталып, білім мекемелеріндегі басшылық қызметі баяндалады. Мақаланы жазу барысында аталған еңбектерде айтылған ойлар мен ұстанымдар басшылыққа алынды.

Мақаланы жазу барысында басты ұстаным тарихилық, объективтілік және жүйелік принциптері болып табылады. Зерттеудегі негізгі әдістерді тұлғатану бағытының негізгі әдісі биографиялық және хронологиялық, салыстырмалы әдістер кеңінен қолданылды. Сонымен қатар, жеке тұлғаны зерттеу үшін микротарих тәсілі қолданылды. Бұл әдістің негізінде Х.Болғанбаевтың өмірі мен қызметін зерттей отырып (микротарих), XX ғасырдың басындағы ірі әлеуметтік-тарихи үрдістер (макротарих) туралы да білімді қалыптастырамыз. Алдымен биографиялық әдіс арқылы тұлғаның өмір жолына қатысты деректер сипатталып, хронологиялық әдіс бойынша қайраткердің оқытушылық қызметіне қатысты материалдар берілді. Зерттеу тақырыбын толық және жан-жақты қамту мақсатында жазба дереккөздері ретінде ғылыми басылымдар мен құжаттық жинақтардың материалдары пайдаланылды. Отандық ғалымдар мен зерттеушілердің тақырыпқа қатысты ғылыми еңбектерінің материалдарына сілтемелер жасалды. Жалпы, тұлғатану бағытындағы мәселелер ескеріліп, қайраткердің тарихи бейнесін толық суреттеуге мүмкіндік туды. Соның негізінде, тұлғаның тарихтағы орны, ағартушылық жолындағы қызметі айқындалды.

Нәтижелер және оларды талқылау

XX ғасырдың басында қазақ қоғамы жаңа өзгерістерге бет бұрды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қалыптасқан қазақ интеллигенциясының өкілдері қазақ даласына жаңа серпін әкелді. Сол кезеңдегі қазақ қоғамындағы ең өзекті мәселелердің бірі – оқу-ағарту жолын ізгілендіру жолына түскен қазақ оқығандары белсенді қызметтер атқарды. Алаш қозғалысының жетекшілері, Алаш үкіметі ұлттық мақсат-мүдделерге қатысты мәселелерді алға қойып, оларды шешудің жолдарын қарастырды. Ең басты мүдде – эволюция жолымен Қазақстанды өркениетті елдердің қатарына қосу болды.

«The Russian Revolution of 1905 served as a catalyst for activating movement among the Kazakh intelligentsia. After the revolution they began to publish their own newspapers (Serke, Qazaqstan, Qazaq, etc.) and magazines (Ai-qap and others), and to write many books. These publications helped integrate the Kazakh nation as an «imagined community», allowing many Kazakhs throughout the Russian Empire to read the same works and opinions of intellectuals and to share the same information» [8]. Жапониялық профессор Томохико Уяманың пікірінше, қазақ интеллигенциясының белсенді іс-әрекеттерінің пайда болуына 1905 жылғы орыс революциясы әсер етті. Сол уақыттағы жалпы қоғамдық ой мен ұлттық сананың дамуы жөнінде алаштанушы-ғалым Тұрсын Жұртбай «1905-1920 жылдардағы қазақ қайраткерлерінің мемлекеттік саясаты мен ішкі күресі – ұлт-азаттық қозғалыстың, тәуелсіз мемлекет құруға ұмтылған ұлттық күрестің алғашқы сатысы еді» [3. - 13] деп пікір білдіреді.

Кешегі Шоқан, Ыбырай салған ағартушылық бағытты дамытуда Алаш қайраткерлері үлкен рөл атқарды. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы сынды ұлт зиялыларының қатарында қоғамдық-ағартушылық салада бірге қызмет атқарған Хайретдин Болғанбаевтың есімі әлі де көпке беймәлім.

Қоғам қайраткерінің өмір жолы туралы аз-кем дерек келтірсек, Ақмола уезінің тумасы Х. Болғанбаев алғашқы білімді ауыл мектебінен алады. Содан кейін Петропавл қаласындағы татар медресесін бітіріп, Мағжан Жұмабаевпен танысады. Жасынан көзі ашық, көкірегі ояу ол Орынбор қаласындағы «Хусаинияны» (алты жылдық мұғалімдік оқу

орны) аяқтайды. Хайретдин Болғанбаевтың нағыз азаматтық-қоғамдық көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен орта осы Орынбор қаласы болды. Осы қалада оқып жүріп Алаш қайраткерлері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлының редакциясымен жарық көрген «Қазақ» газетіне алғаш өзінің ғылыми-публицистикалық бағыттағы мақаласын жаза бастайды. Алаш қайраткерлерінің қатарында Орынборда өткен қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуына негіз болған І Жалпықазақ съездіне Ақмола облысынан, ІІ Жалпықазақ съездіне әртүрлі қазақ ұйымдары атынан қатысады. М.Шоқай, С.Қожановпен бірге «Бірлік туы» газетін шығарады. Сонымен қатар, М.Шоқай, М.Тынышпаевпен бірлесе Түркістан автономиясын құруға белсенді қатысады. Қайраткерлік қырымен қатар, оқу-ағарту саласындағы оқытушылық қызметі Ташкент қаласындағы Қазақ педагогикалық курсына жалғасады. Қазақ тілінде оқулықтар шығару ісіне атсалысты. Петропавл қаласында губерниялық халық ағарту бөлімдерінде, жергілікті педтехникумда оқытушылық қызметтер жасады. «Контрреволюциялық топ» құрды деген айыппен 1928 және 1937 жылдары екі рет абақтыға қамалады. Екінші рет ұсталған 1937 жылы «халық жауы» ретінде атылды.

Жоғарыда атап өткендей, Хайретдин мен Мағжанның тағдыры ажырамас, екеуі де әдебиеттану мен публицистиканы ұнататын. «Алқа» әдеби ұйымын құру идеясын талқылау басталған кезде М.Жұмабаевтың бастамасымен (1924 жылдың соңы) Мәскеуде көптеген ұлттық әдебиетшілер, оның ішінде Мұхтар Әуезов те қолдау хатымен жауап қайтарды. Петропавлдан Ж.Тілеулин мен Ғали (Әли) Кемелов жауап берді, олармен 1926 жылдан бастап Хайретдин Қазпедтехникумда жұмыс істей бастаған еді. Болғанбаев ақмолалық «Алқа» идеясын қолдады [9].

Хайретдин Болғанбаевтың Қызылжар қаласындағы оқытушылық қызметі.

Хайретдин Болғанбаевтың «ұлтшыл» ретінде саяси қуғындауға түскен 1928 жылға дейінгі атқарған ағартушылық саласындағы қызметі туралы мәліметтер көп айтыла бермейді. Архивтік құжаттарға қарағанда Хайретдиннің 1924-1928 жылдары Петропавлда (Қызылжар), Ақмолада губерниялық халық ағарту бөлімі меңгерушісінің орынбасары, педтехникум мен кеңес партия мектебінің мұғалімі, кеңес партия мектебі оқу бөлімі меңгерушісі қызметтерін атқарғанын көреміз.

Бұл жөнінде Хайретдиннің 1937 жылдың 26 қыркүйегінде УГБ 4 бөлімінің қызметкеріне берген жауап алу хаттамасында Ақмола қаласынан Петропавл қаласына қызмет бабымен ауысқаны баяндалады. Хаттамада берілген мәліметке қарағанда, Хайретдинді 1924 жылдың соңында Губерниялық Атқару комитеті Губерниялық халыққа білім беру бөліміне жұмысқа іссапарға жіберу туралы ұйғарымы берілген. Петропавл қаласына келгеннен кейін оны Губерниялық халыққа білім беру бөлімі меңгерушісінің орынбасары етіп тағайындайды [2. – 332].

XX ғасырдың 20-шы жылдарының басында бүкіл ел бойынша, оның ішінде Ақмола облысының Петропавл уезінде (кейінірек губернияда) мұғалім кадрлары мәселесі өзекті болды. Осыған байланысты 1920 жылдың маусымында Қызылжар қаласында «Қызыл мұғалімдердің» («Красных учителей») қысқа мерзімді курстары ашылып, оның меңгерушісі Мағжан Жұмабаев болды. Алайда, бұл курстарда даярланған мұғалімдер жетіспеушілігінен кадр мәселесін шеше алмады. Оның үстіне үш ай бойы курс барысында алған білімдері аз болды. Дәл осындай жағдай елдің басқа да аймақтарында болды. Сондықтан, 1920 жылдың 16 маусымында РСФСР Халық Ағарту Комиссариаты Ағарту халық комиссариатының орынбасары М.Н. Покровский мен мұғалімдер даярлау бөлімінің меңгерушісі Левиннің бастамасымен «Үш жылдық педагогикалық курстар туралы Ережені» бекітеді [6. - 32].

Аталған «Ереже» негізінде Петропавл қаласында осындай үш жылдық педагогикалық курстар ашу жөнінде шешім қабылданады. Губерниялық халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісі Кириковтың төрағалығымен өткен мәжіліс нәтижесінің қаулысымен келесі мәселелерді бекітті:

- Ұйымдастырушылық жұмыста тәжірибесі жеткілікті Тілеулин Жұмағали жолдас губерниялық педагогикалық курстар меңгерушісі болып тағайындалсын және смета құру, курстардың оқу бөлмелерін және жатаханаға орындар қарастыру, дәріс оқуға оқытушыларды іріктеп алу және т.б. сынды ұйымдастырушылық жұмыстарға 1 қазаннан бастап бірден кірісуі ұсынылсын.

- Курстарда дәріс оқуға Айбасов, Баржаксин, Болғамбаев, орыс тілінен Растулла жолдас шақырылсын. Бұлардың барлығы кеңес мекемелерінде қызмет етуіне байланысты, аталған жолдастарды сабақ беретін мезгілде басқа қызметтік міндеттерден босату туралы губерниялық атқару комитетіне өтініш жіберілсін.

- Курсқа қабылдау сынамалар 15 қараша айынан басталсын. Жұмыс орнынан қызметке жіберілгендер белгіленген мерзімнен кешіктірмей міндеттеріне кіріссін және осы мәселе жөнінде халыққа білім беру бөліміне хабарлама жіберілсін. Қазақ баспасөзі арқылы жергілікті қазақ халқына Петропавл қаласында үшжылдық педагогикалық курстар ұйымдастырылғаны туралы хабарлансын.

Төраға: В. Кириков, хатшы: С. Канюка.

Кәсіптік білім беру комиссиясының бұл шешімі 1922 жылғы 10 қазандағы губерниялық халыққа білім беру бөлімі алқасының шешімімен бекітілген (№ 28 хаттама, 10.10.1922)» [6. – 33-34].

Хайретдин Болғанбаевтың Қызылжар қаласында алаш зиялыларымен бірге атқарған қоғамдық-ағартушылық қызметі жөнінде тарих ғылымдарының докторы Г.Мұқанова «Солтүстік Қазақстан» газетіне жазған мақаласында төмендегідей мәлімет келтіреді. Хайретдин Болғанбаев 1924 жылы Петропавлда, 1925 жылы Ақмола губерниялық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі болды. Зиялы қауым өкілдері Ахмет Байтұрсыновпен, Әлихан Бөкейхановпен, Мұстафа Шоқаймен, Ахмет-Заки Валидимен жақсы таныс Хайретдиннің оқу-ағарту саласындағы қызметін сипаттай келе ғалым «...Халықтық білім беру жүйесін дарынды үш басшы: Темірбеков – Болғанбаев – Сәдуақасов басқарған кезеңде Ақмола облысының кадрлары өздерінің кәсіби деңгейін ел астанасында шыңдау мүмкіндігіне ие болды. Атап айтсақ, Ахмет-Уәли Гусманов, Шарипа Ақбердина, Нұрмұхамет Жамшин 1925 жылы Мәскеуде білімдерін толықтырды. Хайретдин Болғанбаев бірбеткей және аса білімді адам болған» [7. - 3] деп «дарынды басшының» тұлғалық қасиетіне тоқталады.

1925 жылғы Ақмола губерниясы, Петропавл қаласы бойынша анықтамалық жинақта Хайретдиннің Ақмола губерниялық халық ағарту бөлімінің әкімшілік-ұйымдастырушылық бөлімінде меңгеруші қызметін атқарғандығы жөнінде мәлімет берілген. Аталған Ақмола губерниялық халық ағарту бөлімі 1919 жылы 5 қарашада ұйымдастырылып (алғашында Уездік халыққа білім беру бөлімі), кейін 1921 жылы Губерниялық халық ағарту бөлімі болып қайта құрылды. Губерниялық халық ағарту бөлімінің мақсаты мен міндеттеріне кірді: мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларға білім беру, жасөспірімдерге кәсіптік білім беру және ересектерге мектептен тыс білім беру. ГубОНО аппаратының штаты 36 адамнан тұрды және 4 бөлімді құрады: 1) әкімшілік-ұйымдастырушылық, 2) губерниялық әлеуметтік тәрбие, 3) губерниялық кәсіби білім беру, 4) губерниялық саяси ағарту бөлімі [10].

Хайретдин Болғанбаев Петропавл қаласындағы (Қызылжар) педтехникумда жұмыс жасаған 1924-1928 жылдары оқу-ағарту жолындағы қызметі барысында білім алушыларға төмендегі пәндер бойынша сабақ жүргізді. 1924-1925 оқу жылы «Қоғамтану» [11], 1926-1927 оқу жылы «Экономикалық география» [12], 1927-1928 оқу жылы «Өлкетану» [13] пәндерін жүргізіп, сабақтарына үлкен жауапкершілікпен қарады. Қазақ педтехникумының 1926-1927 оқу жылғы жылдық есебінде Х.Болғанбаев жүргізген сабақтарына қатысты жақсы мінездеме берілген: «...Из обществоведческих дисциплин нормально велись только экономическая география и краеведение преподавателем Болгамбаевым» [14].

Архив құжаттарының арасынан Хайретдин Болғанбаевтың мектеп және мектепке дейінгі әлеуметтік білім беру мекемелерінде білім беру қызметкері ретінде жұмыс жасағандығы туралы қызметкер картасы табылды. 1927 жылдың 21 мамырында Хайретдиннің өз қолымен толтырылған карточкада «Педагогикалық қызметке кіріскен уақыты - 1915 жыл» деп көрсетілген [15] (Сурет 1).

КАРТОЧКА
работника просвещения по школьным и дошкольным учреждениям социального воспитания

уезда _____ губернии (области, края) _____

полное наименование учреждения с указанием его типа _____

адрес его: город _____ улица _____ д. № _____

1. Фамилия <u>Болғанбаев</u>	11. Отношение к воинской повинности
2. Имя, отчество <u>Хайретдин Ахметович</u>	а) служба в старой армии <u>нет</u>
3. Национальность <u>казах</u>	б) служба в Красной армии <u>нет</u>
4. Пол <u>муж</u>	Если не служил, то почему <u>как казак</u>
5. Год рождения <u>1894 г.</u>	12. Образование:
6. Семейное состояние <u>женат</u>	Общее: последнее уч. заведение, в котором учился <u>Среднее педагогическое</u>
7. Социальное происхождение <u>Скотовод</u>	окончил курс или нет <u>нет</u>
8. Партийность (в наст. время) <u>б/п.</u>	Специальн. послед. уч. заведение, в котором учился <u>педагогическое</u>
с какого года _____	окончил курс или нет <u>нет</u>
9. Состояли в других партиях <u>нет</u>	13. Повышение педагог. квалификации, какие, где и когда прослушал курсы по переподготовке или повышению квалификации <u>нет</u>
какие, с какого года и по какой _____	
10. Принадлежность к профсоюзу <u>Работное</u>	

14. Стаж:

Время поступления на педагог. службу 1915 г.

Общее количество лет педагогической деятельности 11 лет 11 мес. (выключая перерывы)

Количество лет педагогической деятельности на совет, службе _____

Время поступления в данное учреждение Октябрь 1926 г.

15. Числится ли состоящим на службе при данном учрежд. или работ. в нем по совместительству по совместительству

16. Выполняемая работа по учреждению:

а) педагог: какие несет обязанности по учреждению или что преподает Женщины по раб. и краеведению

б) администр. (наименов. администр. обязан.) нет

17. Дополнительные обязанности по данному учреждению нет

18. Работа по совместительству (где работает, чем заключается работа) преподаватель в Ахматовой Сов. парт. школе

Дальнейшие изменения по службе: (с указанием дат) по педагогической и административной линии _____

Карточку составил 21 мая 1927 г.

Получил Болғанбаев

Примечание: Карточка заполняется в двух экземплярах. Один остается в данном учреждении, другой отсылается в тот отдел народного образования, в юрисдикционной области которого находится учреждение.

О смерти, уходе со службы, переводе в другое учреждение работник просвещения учреждения не обязательно сообщает в УЧОНО или ГУБЧОНО (по подведомственности).

1 в госфонд № 2582.

Сурет 1- СКМА, 2-қ. 1-т. 415-іс. 117 п., 117 қайырма-п.

Ескерту: Авторлар зерттеуінен

Хайретдиннің ғұмырбаяны бойынша 1915 жылға дейін ол Орынбор қаласында білім алып, ауыл балаларына сабақ берді. Бұл жөнінде алаштанушы-ғалым Д. Қамзабекұлы зерттеуінде сипаттайды: «1912 жылы Орынборға барып, мұсылман демеушілігімен (вакуф стипендиясымен) «Хусаиния» (Хасение) медресесіне түседі. Жаз айларында 1913 жылы Түркістан жағында, ал 1914 жылы Торғай облысы, Ақтөбе уезі, Бөрте болысында ауқаттыларға жалданып, бала оқытады» [5. - 6]. Оның оқытушылық жолға түсудегі алғашқы қадамы осылай басталса керек.

1927-1928 оқу жылындағы Петропавл қазақ педтехникумының жылдық есебінде пән бойынша оқу бағдарламаларын өту барысында түрлі мекемелер мен өндіруші кәсіпорындарда (ауылшаруашылық қоймалары, диірмендер, электр станциясы, музей, Губерниялық халық ағарту бөлімі, мектептер және т.б.) экскурсия ұйымдастырылды.

Экскурсияның оқу бағдарламаларымен байланысынан туындайтын тәрбиелік мәнімен қатар, оқушыларды жергілікті табиғи және жергілікті өндірістермен таныстырудың негізі өлкетану сипатында болды. «Өлкетану» пәнінен Хайретдин Болғанбаев губерниялық музейде экскурсия жұмыстарын ұйымдастырады [16] (Сурет 2).

№ /п.	Предмет.	Группа.	К у д а.	Ц е л ь.	Препода- тель.
				Когда.	
I. Химия.	Подг.	Мыловаренный завод.	Ознакомление с обмыванием жиров.	В е	Д.
23. Гигиена и	I	Анатомическое отделение	- " -	-"	Тлеулин
24. Педология	II	Губмузей	-"	-"	-"
25. Педология	III	Педология каб.	- " -	-"	Иванов- ский.
26. - " -	IV	при Губздраве.	- " -	-"	-"
27. Краеведение.	III	Губмузей	Ознакомление.	-"	Болған- баев.
28. - " -	все груп- пы.	С.Хос. и про- мышленная Губ- выставка.	- " -	В зимние каникулы.	-"

Сурет 2 - СҚМА, 2-қ. 1-т. 493-іс. 20 қайырма-п.

Ескерту: Авторлар зерттеуінен

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архивінен Петропавл қаласындағы қазақ педагогикалық техникумын бітіруші түлектердің біліктілік жұмыстарын талқылау бойынша комиссия жұмысының хаттамасының көшірмесі алынды. Тілепберген, Мажикеев және оқытушылар, бітіруші оқушылардың жұмыстарына жетекшілік еткен Тілеулин, Серкебаев, Ивановский, Бугров және Болғанбаев қатысқан Петропавлдағы педтехникум жанындағы Біліктілік жөніндегі комиссия отырысының жұмысы баяндалады. Күн тәртібінде «Біліктілік жұмыстарын талқылау және оларды бітірушілердің біліктілігі негізінде тағайындау» мәселесі қойылған комиссия отырысының 1928 жылғы 28 мамырындағы №10 хаттамасында [17] оқытушы Х.Болғанбаевтың оқушының бітіру жұмысына берген пікірі сипатталады.

Хайретдин Болғанбаев жетекшілігіндегі Қажым Жарқыновтың «Краеведческая работа учителя в школе I ст.» атты жұмысына «...Благодаря начитанности автор с работой справился вполне. Отсутствию соответствующей литературы дали возможности автору написаний о применении программы к местным условиям. В общем и цель работа м.б. признана удовлетворительной. Комиссия постановили признаний т. Жаркинова Х. достойным квалификации» [18] деп пікірін білдіреді.

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архивінде Халыққа білім беру бойынша Ақмола губерниялық бөлімінің жұмыстарының есебі жинақталған №2 қордың 493 іс «Годовой отчет Петропавловского Казахского Педтехникума за 1927/28 год и списки окончивших техникума, списки и сведения о преподавательском составе и курсантов» атты құжатта оқытушы Хайретдин Болғанбаевтың есімі кездеседі. Мәселен, Петропавл қаласындағы жергілікті Қазақ педтехникумның 1928 жылдың 15 маусымындағы оқытушылар туралы мәліметіне қарағанда Хайретдин Болғанбаев жөнінде төмендегідей дерек берілген.

«Фамилия, Имя, Отчество - Болғанбаев Хайретден;

Занимаемая должность – преподаватель;

Партийность – беспартийный;

Образовательный ценз. - окончил мусульманскую педагогическую учебную заведению в Оренбурге в 1915 г.;

Практический стаж (где, в каких должностях и предприятиях)–преподаватель в Казинст. в Ташкенте. На курсах в Оренбурге. С 1926 г. Казпедтехникуме.

Педагогический стаж: 8 л.

Сколько лет в настоящем уч.завед.: 2

Национальность: Казах

Сколько имеет уроков и каких предметах: Экономическая география и Краеведение

Сколько имеет практических занятий: 6» [19].

Хайретдин Болғанбаевтың газет саласындағы қызметі

Хайретдиннің баспасөз саласындағы қызметі алғаш «Қазақ» газетінен басталып, «Бірлік туы», «Бостандық туы» сынды газеттерде жалғасын тапты. Ол өз мамандығын әр кезде «мұғалім және газет қызметкері» деп көрсеткен. Хайретдин 1917 жылға дейін де, 1917-1919 жылдар аралығында да «мұғалім және журналист» болғанын жазады [4. - 172]. Қазақ қоғамында орын алған мәселелер Хайретдиннің қаламгерлік қызметінен тыс қалған жоқ. Ағартушылық қызметпен қатар, баспа саласындағы еңбек жолы Солтүстік Қазақстан жерінде шыққан «Бостандық туы» газетімен тығыз байланысты. Бұл жөнінде тарихшы-ғалым Г. Мұқанованың мақаласында «...1920 жылдары Петропавлда қызмет істеген мектеп мұғалімдері мен кәсіптік-техникалық білім беру мекемелері қызметкерлерінің көпшілігі оқытушылық қызметін публицистикамен ұштастырып, газетке мақала жазып тұратын. “Бостандық туы” мен “Мир труда” газеттерінде Бибатыр Ержановтың, Бірмұхамед Айбасовтың, Сабыр Айтқожиннің, Бекмұхамет Серкебаевтың, Кәрібоз Шектібаевтың, Хайретдин Болғанбаевтың, Сейітбаттал Мұстафиннің, Кәрім Сәтбаевтың очерктері жиі жарияланатын. Олардың көбі “Қыран”, “Көз”, “Көрген” сияқты лақап аттармен басылды» [7. - 3] деп дерек келтіреді. Өкінішке орай, бұл газет төңірегі бойынша қызметіне қатысты мәліметтер тым аз.

«Бостандық туы» газетінің тарихы сонау ХХ ғасырдың 20-жылдары Омбы қаласында «Кедей сөзі» болып шықты. Газет дүниеге келген кезең оңай болмады. Халық шаруашылығы күйзелісте болды. Сонымен қатар, газеттің өзі зор қиыншылықтармен шығып тұрды. Ұлт кадрлары жетіспеді, полиграфиялық база нашар болды. Тіпті редакцияның үйі де болмады. Қызметкерлер өз ошағының басында отырып істеді. Кейін «Кедей сөзі» 1921 жылы 14 наурыздан Петропавл (Қызылжар) қаласына ауыстырылып, «Бостандық туы» деген жаңа атпен Ақмола губерниялық комитетінің газеті болып шыға бастады. Бұл тұста да баспа үлкен қиыншылықтарға кездесті. Ешқандай баспа машиналары болмады, барлық жұмыс қолмен істелді [20].

Ғалым Зарқын Тайшыбайдың басылым атауының «Кедей сөзінен» «Бостандық туына» алмастырылуы туралы «Кедей сөзі» – белгілі дәрежеде аясы тар ұғым, тұтас халықты бай және кедей деп бөлген таптық ұстанымның жемісі. Ал «Бостандық туы» тұтас қазақ ұлтының отарлық езгіден құтылып, тәуелсіздік, бостандық алғанын, алмаса да сол мақсатқа ұмтылғанын көрсететін жалпы адамзаттық түсінікті бейнелейді» [21] деп баяндайды.

Хайретдиннің «Бостандық туы» газетіндегі қызметі жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінен тарихи құжат кездесті. Аталған мұрағат құжатында «Бостандық туы» газетінің 1923 жылғы 22 желтоқсаны күні құрастырылған Ақмола губерниясы қырғыз (қазақ – авт.) баспа қызметкерлерінің тізімінде Хайретдин есімі кездеседі. Тізімдегі мәліметке қарағанда:

«6. Ф.И.О.: Балгамбаев Хайритдин.


Партейность: б/п.

В какого времени начал принимать участие в делах печати: с 1914 г.

Причастность в данные время: нет

Чем занимается в данный момент: нигде не работает».

Кұжат соңында «Секретарь газета «Бостандық туы» / А. Бегишев» деп қол қойылған [22] (Сурет 3).



Сурет 3 - ҚР ПА, 139-к. 1-т. 1108-іс. 38 п.

Ескерту: Авторлар зерттеуінен

Архивтік құжатта берілген мәліметтен, Хайретдиннің баспа ісіне 1914 жылдан бастап келгендігін көреміз. Ал, қазіргі уақытта (1923 жылы құрастырылған тізім бойынша) жұмыс жасамайтындығы баяндалады. Хайретдиннің ғұмырбаян беттерінен 1922-1924 жылдардағы қызметіне қатысты мәліметтер көмескі. Академик Д. Қамзабекұлы бұл жөнінде өз зерттеуінде «1922-1924 жылдары ашаршылықтан халықты құтқарамыз деп түрлі шара ұйымдастырған Ж.Аймауытұлының, М.Дулатұлының әрекетін әсіре большевиктер бұрмалап көрсетіп, «қылмыстық іске» бұйдаламақ болған. Хайретдин «жасыруында» осындай сыр бар сияқты...» [5. - 8] деп мәлімет береді. Расында, ашаршылық кезінде әр өңірде ұйымдастырылған іс-шаралардың басында қазақ зиялылары жүрді. Мәселен, тарихшы З.Қабылдиновтің келтірген мәліметке қарағанда, 1921-1922 жылдары ашаршылыққа ұшырағандарға көмек көрсету мақсатында Ақмола өңірінде арнайы кездік комиссия құрылады. Арнайы қор құрылғанмен, ол дұрыс жинақталмады. Басты себеп, өлкеде азық-түлік салығын салу науқаны белсенді жүріп жатты. 1922 жылы шілдеде бірқатар мүшелерін Ақмола облысының басқа уездеріне жібергендігінен комиссияның алғашқы құрамы өзгертіледі. Комиссия құрамына уезд басқармасының әртүрлі бөлімшелерінен Сухомлинов, Когутенко, Алеев, Демихов, Абубакиров, Телжанов, Болғанбаев секілді жауапты қызметкерлер кіреді. Осы құрамдағы комиссия тез арада Ақмолада – 8, Ақмола уезі бойынша 2 балалар үйін ашады [23].

Сонымен қатар, аталған архив құжатында берілген газет қызметкерлерінің қатарында Сабыр Айтхожин (тұңғыш қазақ журналистерінің бірі), Әбдірахман Бегішев (газет хатшысы), Сәлкен Балаубаев (қазақ тілінің маманы, ағартушы), Мәжит Дәулетбаев (ақын-жазушы), Сәдуақас Жандосов (газет бөлім меңгерушісі), Біләл Малдыбаев (жазушы, Алаш қайраткері), Сейіт-Баттал Мұстафин (ағартушы-ұстаз), Жұмағали Тлеулин (дәрігер, Алаш қайраткері), Байбатыр Ержанов (ақын, ұстаз), Жанұзақ Жәнібеков (Алаш қайраткері), Ахмет Баржақсин (аудармашы, қоғам қайраткері), Ғалиолла Ғалымжанов (ақын), Бекмұхамед Серкебаев (КСРО Халық әртісі Ермек Серкебаевтың әкесі) сынды тарихи тұлғаларымыздың есімдері аталады.

Орынбор қаласынан бастау алған алаш қайраткерінің ағартушылық-қоғамдық қызметі Қызылжар қаласында жалғасын тауып, зиялы қауыммен бірлесе ұлт мүддесі үшін атқарған қызметін жоғары бағалауға лайық.

Қорытынды

«Ұлт санаткерінің ойшылдық-зерделіліктен, мейірім-шарапаттан, рақым-күштарлықтан туындаған түйінді ой-пікірлері, елдің есеюі, көркеюі жолындағы ардақты істері, ағартушылық қызметі – ұлт руханияты тарихындағы айрықша бір құбылыс, өзгеше бір әлем» [24] деп белгілі ғалым С.Негимовтің «Шоқайдан - алғыс, Мағжаннан мақтау алған Хайретдин Болғанбаев» деген мақаласынан қоғам қайраткерінің жарқын істерін жоғары бағалағанын көруге болады.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақтың көрнекті ағартушысы І.Алтынсарин тұңғыш қазақ мектебін ашқан кезде оның зор қуанышпен шығыс зерттеушісі Н.Ильминскийге жазған хатында «Осы жылдың 8-ші қаңтары күні аңсаған ісіміз орындалып, мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы қабылданды. Мен балаларды оқытуға, қойға шапқан аш қасқырдай қызу кірістім» деген еді. Расында қазақ балаларының білім алып, сауатты болуы қазақ оқығандарының арманы болатын.

1913-1914 жылдары «Қазақ» газетінде жарияланған Хайретдиннің «Медресе Хасениеде қазақ балалары» атты мақаласында «Медресе Хасениеде оқушы қазақ балаларының саны жылдан жылға көбейіп келеді. Мұнан 3 жыл бұрын біреу-екеуден артпаған екен, былтыр 7 қазақ баласы болды. Енді биыл былтырғыдан екі есе артық. Осы күні барлығы 13-ке жетті» деп қазақ балаларының оқу-білімге деген ынтасының артқанын баяндайды. Қазақтың білімді болуы, сауаттылыққа ұмтылуы сол уақыттағы қазақ қоғамының әлеуетін көрсетті. Бүгінде алаш қайраткерлерінің үйреткен оқу-білімі, жазған оқулықтары өзекті. Сондықтан, ұлттың интеллектуалды деңгейінің жоғары болуы – қазіргі жаһандану кезеңіндегі ең басты бағыт. Сөздің соңы, XX ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясының халқымыздың беделін ұлт ретінде көтеру және өзін-өзі басқаратын дербес мемлекетке айналдыру жолындағы мақсат-міндеттері бүгінде орындалып, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың I отырысында сөйлеген сөзі. 2022 жылғы 16 маусым. [Электронды ресурс] - URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-ul'ttyk-kuryltaydyn-i-otyrysynda-soylegen-sozi-165458> (Қаралу уақыты: 05.12.2023)

2 «Алашорда ісі. 1920-1940 жж. Құжаттар мен материалдар». 5-том. «Алашорда үкіметі мүшелері мен осы ұстанымдағы тұлғаларды жою шаралары. 1933-1938 жж.» /Құраст.: М. Қойгелдиев, Х. Әбжанов, Г. Нұрымбетова, З. Мырзатаева, Ж. Өзбеков. Алматы: Kitap, 2023. – 532 б., сур. 16 б.

3 Жұртбай Т. Ұраным Алаш. – Алматы: «Ел-шежіре», 2008. – 472 б.

4 Болғанбаев Х. Шығармалары. Тағылымы / жалпы ред.басқ. Д.Қамзабекұлы. – Астана: «Парасат Әлемі», 2005. – 256 б.

5 Иман күші. Болғанбай Х. (құрастырып және жалпы ред. басқарған проф. Д.Қамзабекұлы). – Алматы: «Арыс», 2009. – 288 б.

- 6 Муканов К. Жумағали Тлеулин. Документальная биография. – Алматы: «Жибек жолы», 2005. – 216 с.
- 7 Мұқанова Г. Смағұл Сәдуақасов – Қызылжарда //Солтүстік Қазақстан. - 2019. - 7 қараша.
- 8 Tomohikou Yama. The Geography of Civilizations: A Spatial Analysis of the Kazakh Intelligentsia's Activities, from the Mid-Nineteenth to the Early Twentieth Century. 2000. P.70-99.
- 9 Имена в Истории. Северный Казахстан: сб. ист.-биограф. очерков. – Петропавловск: «Северный Казахстан», 2020. Т.12. – 280 с.
- 10 Справочник по г. Петропавловску Акмолинской губернии на 1925 год. Издание «Мир труда». 1925. – 72 с.
- 11 Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архиві (Бұдан былай СҚМА). 2-қ. 1-т. 377-іс. 107 п.
- 12 СҚМА. 2-қ. 1-т. 415-іс. 37 п.
- 13 СҚМА. 2-қ. 1-т. 493-іс. 21 п.
- 14 СҚМА. 2-қ. 1-т. 415-іс. 54 п.
- 15 СҚМА. 2-қ. 1-т. 415-іс. 117 п., 117 қайырма-п.
- 16 СҚМА. 2-қ. 1-т. 493-іс. 20 қайырма-п.
- 17 СҚМА. 2-қ. 1-т. 493-іс. 11-п.
- 18 СҚМА. 2-қ. 1-т. 493-іс. 11-қайырма п.
- 19 СҚМА. 2-қ. 1-т. 493-іс. 2 п.
- 20 Қожакеев Т. Жыл құстары. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 240 б.
- 21 Тайшыбай З. Ақмола қазағы көрген алғашқы басылым //Астана ақшамы. №120, 12.10.2021. – 9 б.
- 22 Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві. 139-қ. 1-т. 1108-іс. 38 п.
- 23 Кабылдинов З. Ақмола өңіріндегі ашаршылық //Астана ақшамы, Маусым 5, 2018 ж. [Электронды ресурс]. URL: <https://astana-akshamy.kz/63324-2/> (Қаралу уақыты: 05.12.2024)
- 24 Негимов С. Шоқайдан - алғыс, Мағжаннан мақтау алған Хайретдин Болғанбаев. Жұлдыз. - № 9. - 2006. – Б.180-182.

ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ХАЙРЕТДИНА БОЛГАНБАЕВА В КЫЗЫЛЖАРЕ 1924-1928 ГГ.

(по материалам Северо-Казахстанского государственного архива)

Аннотация

Статья написана в направлении по исследованию и изучению личности. Сформировавшаяся в конце XIX-начале XX века алашская интеллигенция внесла существенные изменения в развитие казахского общества. Главная цель представителей алашской интеллигенции на полях политической борьбы – консолидация нации, определение свободы в мирной обстановке, тем самым встали важные сферы духовной жизни казахов – учебно-просветительская, родная речь, сохранение традиций и обычаев. В статье излагаются сведения, касающиеся деятельности Хайретдина Болғанбаева на просветительском пути, на основе архивных документов. Целью исследования является изучение исторических данных из жизни и просветительской деятельности видного деятеля Алаша Хайретдина Болғанбаева, который неустанно боролся за независимость в рядах интеллигенции нации, а также демонстрация деятельности на пути к просветительству и общественно-политическим заслугам алашской интеллигенции. Посредством данных из архивных фондов широко изучалась преподавательская деятельность Хайретдина Болғанбаева в г. Кызылжар. Можно отметить упорный труд деятелей Алаша на пути к тому, чтобы народ был грамотным. Жизнь деятеля прошла в разгар борьбы, наполненных трудностями. Тем не менее, благодаря своей упорной борьбе, он оставил свой след в истории как общественный деятель, достойно выполняющий свой труд на пути нации и оставивший после себя богатое наследие.

Ключевые слова: Алаш, партия, народ, движение, деятель, политические соображения, тоталитарный режим.

EDUCATIONAL ACTIVITIES OF KHAYRETDIN BOLGANBAYEV IN KYZYLZHAR IN 1924-1928

(based on the materials of the North Kazakhstan State Archive)

Abstract

The article was written in the direction of research and study of personality. The Alash intelligentsia, formed in the late 19th - early 20th century, made significant changes in the development of the Kazakh society. The main goal of the representatives of the Alash intelligentsia on the fields of political struggle is the consolidation of the nation, the definition of freedom in a peaceful environment, thereby important spheres of the spiritual life of the

Kazakhs arose – educational, native language, preservation of traditions and customs. The article describes the activities of Khayretdin Bolganbayev on the educational path, based on archival documents. The purpose of the research is to study based on historical data, the life and educational activities of the prominent figure of Alash movement Khayretdin Bolganbayev who tirelessly fought for independence in the ranks of the intelligentsia of the nation, as well as to demonstrate activities on the way to enlightenment and socio-political merits of the Alash intelligentsia. According to archival data, the teaching activities of Khayretdin Bolganbayev in Kyzylzhar were widely studied. It is possible to note the hard work of the leaders of Alash on the way to ensure that the people were literate. His life was spent amid struggle and fight, filled with difficulties. Nevertheless, thanks to his persistent struggle, he left his mark in history as a public figure who worthily performed his work on the path of the nation and left behind a rich legacy.

Keywords: Alash, party, people, movement, activist, political considerations, totalitarian regime.

REFERENCES

- 1 Memleket basshysy Qasym-Jomart Toqaevtyń Ulttyq quryltaydyń I otyrysynda sólegen sózi [Speech of the head of state Kassym-Jomart Tokayev at the first meeting of the National kurultai.]. 2022 jylǵy 16 maýsym. [Elektrondy resýrs]. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-qasym-zhomart-tokaevtyyn-ulttyk-kuryltaydyn-i-otyrysynda-soylegen-sozi-165458> Qaralǵan ýaqyty: 05.12.2023 [in Kazakh]
- 2 «Alashorda 1st. 1920-1940 jj. Qūjattar men materialdar» [The Alashorda case. 1920s-1940s Documents and materials]. (2023). 5-tom. «Alashorda úkimeti músheleri men osy ustanymdaǵy tulǵalardy joıy sharalary. 1933-1938 jj.» /Qurast.: M. Qoıgeldıev, H. Ábjanov, G. Nurymbetova, Z. Myrzataeva, J. Ózbekov. Almaty: Kitap, 2023. – 532 b., sýr. 16 b. [in Russian]
- 3 Zhurtbai T. (2008). Urany Alash [My motto is Alash]. – Almaty: «El-shezhire». – 472 p. [in Kazakh]
- 4 Bolganbaev H. (2005) Shygarmalary. Tagylymy [Works. Training] / zhalpy red.bask. D.Kamzabekuly. – Astana: «Parasat Alemi». – 256 p. [in Kazakh]
- 5 Iman kushi. (2009). Bolganbai H. [The power of faith. Bolganbai H.] (kurastyryp zhane zhalpy red.baskargan prof. D. Kamzabekuly). – Almaty: «Arys». – 288 p. [in Kazakh]
- 6 Mukanov K. (2005). Zhumagali Tleulin. Dokumental'naya biografiya [Zhumagali Tleulin. Documentary biography]. – Almaty: «Zhibek zholy». – 216 p. [in Russian]
- 7 Mukanova G. Smagul Saduakasov – Kyzylzharda [Smagul Sadvakassov in Kyzylzhar]. //Soltústik Qazaqstan. 2019. 7 qaraşa. [in Kazakh]
- 8 Tomohikou Yama (2000) The Geography of Civilizations: A Spatial Analysis of the Kazakh Intelligentsia's Activities, from the Mid-Nineteenth to the Early Twentieth Century. P. 70-99. [in English]
- 9 Imena v Istorii. (2020). Severnyj Kazahstan [Names in History. North Kazakhstan]: sb. ist.-biogr.ocherkov. – Petropavlovsk: «Severnyj Kazahstan». T.12. – 280 p. [in Russian]
- 10 Spravochnik po g. Petropavlovskıy Akmolinskoi gýbernii na 1925 god. (1925). [Directory of Petropavlovsk, Akmola province in 1925]. Izdanie «Mir trýda». – 72 p. [in Russian]
- 11 Soltústik Qazaqstan memlekettik arhivi (Budan bylai SQMA). 2-k. 1-t. 377-is. 107 p [in Russian]
- 12 SQMA. 2- k. 1- t. 415- is. P. 37 [in Russian]
- 13 SQMA. 2- k. 1- t. 493- is. P. 21 [in Russian]
- 14 SQMA. 2- k. 1- t. 415- is. P. 54 [in Russian]
- 15 SQMA. 2- k. 1- t. 415- is. P. 117, qayıрма P. 117 [in Russian]
- 16 SQMA. 2- k. 1- t. 493- is. qayıрма P. 20 [in Russian]
- 17 SQMA. 2- k. 1- t. 493- is. P. 11 [in Russian]
- 18 SQMA. 2- k. 1- t. 493- is. qayıрма P. 11 [in Russian]
- 19 SQMA. 2- k. 1- t. 493- is. P. 2 [in Russian]
- 20 Kozhakeev T. (1991). Zhyl kustary [Birds of the Year]. – Almaty: Kazakstan, – 240 p. [in Kazakh]
- 21 Taishybai Z. Aqmola qazaǵy kórgen alǵashqy basylym [The first edition seen by Akmola Kazakh] //Astana aqshamy. №120, 12.10.2021. – 9 p. [in Kazakh]
- 22 Kazakstan Respublikasynyng Prezidenti arhivi (KR PA) [Archive of the president of the Republic of Kazakhstan]. 139-k. 1-t. 1108-is. 38 p [in Russian]
- 23 Qabyldinov Z. Aqmola óńirindegi asharsylyq [Famine in Akmola region] //Astana aqshamy, Maýsym 5, 2018 j. [Elektrondy resýrs]. URL: <https://astana-akshamy.kz/63324-2/> Qaralǵan ýaqyty: 05.12.2023 [in Kazakh]
- 24 Negimov S. Shokajdan - algys, Magzhannan maktau alǵan Hajretdin Bolganbaev [Hayretdin Bolganbaev, who received thanks from Shokai and praise from Magzhan]. Zhuldyz. - №9. - 2006. P.180-182. [in Kazakh]

Information about authors:

Nurlybek Yelkey - **corresponding author**, doctoral student of «History of Kazakhstan» L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: muzlife.nbek@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2504-3587>

Tlegen Sadykov - Doctor of Historical Sciences, Professor of the Department of «History of Kazakhstan»,
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

e-mail: atashka54@list.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-5100-2444>

Информация об авторах:

Нұрлыбек Елкей – **основной автор**, докторант Евразийского Национального университета им.
Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: muzlife.nbek@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2504-3587>

Тлеген Садыков - доктор исторических наук, профессор кафедры «История Казахстана», ЕНУ имени
Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан

e-mail: atashka54@list.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-5100-2444>

Авторлар туралы ақпарат:

Нұрлыбек Елкей - **негізгі автор**, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің докторанты,
Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: muzlife.nbek@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2504-3587>

Тлеген Садыков - тарих ғылымдарының докторы, «Қазақстан тарихы» кафедрасының профессоры,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ., Қазақстан Республикасы

e-mail: atashka54@list.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-5100-2444>